

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті



Тақырып № 3

Бухгалтерлік баланс

Лектор: э.ғ.к., доцент Қажмухаметова А.А.

Нұр-Сұлтан, 2022 г.

Дәрістің мақсаты - бухгалтерлік баланстың құрылымын және маңызын, шаруашылық операцияларының әсерінен баланста болатын өзгерістерді қарастыру.

Дәріс сұрақтары:

1. Бухгалтерлік баланс туралы түсінік және оның мәні.
2. Бухгалтерлік баланстың түрлері.
3. Бухгалтерлік баланстың құрылымы мен құрылымы.
- 4 Шаруашылық операцияларынан туындаған баланстағы өзгерістер.



*«Махаббат, музыка және
бухгалтерлік есеп – мәңгілік!»*

В.К. Радостовец

*Ақша кетуге тырысады,
Есеп ұстауға тырысады.*

1. Бухгалтерлік баланс туралы түсінік және оның мәні

Кәсіпорынды басқару шаруашылық құралдарының тиімділігін және сақтығын бақылау мақсатында бөлігі бір мерзімге құрамы және шамасы жөнінде ақпараттар қажет. Мұндай ақпаратты бухгалтерлік баланс көмегімен алады.

Бухгалтерлік баланс шаруашылық құралдары мен олардың көздерін белгілі бір мерзімге ақшалай өлшемде топтастыруды білдіреді.

«Баланс» термині жоспарлау, талдау, есепке алу саласындағы мамандарына кең танылған және тепетеңдік мағынасында қолданылады (франц. *balance* – таразы). Баланстық әдісті қолданудың жалпы идеясы теңдеудің сол және оң жағында жазылған көрсеткіштердің жиынтық мағынасын теңестіруден құралады.

Баланс – бұл ұйым қаражаттарының жағдайын және оларды қалыптастырушы қайнар көздерін белгілі бір уақытта бейнелеуді және ақшалай бағалауды мүмкіндік беретін бухгалтерлік есептің әдісі.

Кәсіпорынның шаруашылық құралдары мен олардың көздерін жалпылау кесте көмегімен жүзеге асырылады, ол да баланс деп аталады. Сонымен қатар бұл әдіс бухгалтерлік қорытынды есеп жүйесіндегі негізгі форма. Шаруашылық операцияларын толық жүзеге асыру үшін әрбір кәсіпорындар белгілі бір көлем мен дәрежеде қорлар етеді. Құралдар мен құралдардың қорлану көздерінің жалпы көлемі ақшалай өлшеммен жинақталып, белгілі бір мерзімі қарай топтастырылып қортындыланады.



Әрбір мемлекеттің экономикасында баланс маңызды қызметтерді атқарады:

– баланс ұйымның мүліктік жағдайымен, басқарумен байланысты жекеменшік иелерін, менеджерлерді және басқа тұлғаларды таныстырады. Олар баланстан жекеменшік иесі неге ие, яғни, ұйым басқару мүмкіндігі бар материалдық қаражаттар қорының қандай сандық және сапалық байланыста болатынын біледі;

– баланс бойынша ұйымның басқа тұлғалар алдында өзінің міндеткерліктерін орындау немесе қаржылық қиыншылықтардың болу мүмкіндігін анықтайды;

– баланс бойынша есеп беру кезеңіндегі жеке капиталды көбейту түріндегі ұйым қызметінің қорытынды қаржылай нәтижесі анықталады. Есеп беру кезеңіндегі жеке капиталды көбейту бойынша басшыларға сеніп тапсырылған материалдық және қаржы қорларын көбейту және сақтау қабілетін туралы пікір айтады;

– баланста келтірілген көрсеткіштер негізінде әрбір ұйымның қаржылай жоспары құрастырылады, қаржылардың қозғалысына бақылау жүзеге асады;

– баланстың мәліметтері салық қызметімен, несиелік мекемелер және мемлекеттік басқарудың органдарымен кең қолданылады.

2. Бухгалтерлік баланстың түрлері.

Тәжірибелік бухгалтерлік есепте, нарықтық экономика жағдайында бухгалтерлік баланстың келесі түрлері қолданылады: кірістіруші; мерзімді және жылдық (қорытынды); біріктіруші; бөлуші; санацияланатын; тарататын; ерікті; біріктіру-шоғарландырушы.



Бухгалтерлік баланстардың жіктемесі

Жіктелу белгілері	Бухгалтерлік баланстың түрлері
<p><i>Құрылу мерзімі бойынша</i></p>	<p><u><i>Кірістіруші</i></u> – заңды тұлғаның пайда болуы уақытында құрастырылады және жарғылық капиталға салым ретінде мүліктік массаны сипаттайды.</p> <p><u><i>Ағымдағы</i></u> – шаруашылық объектінің болуы уақытында қалыптасады.</p> <p><u><i>Бастапқы</i></u> (кезеңнің басында), аралық (аралық есеп беру құрамына қосылады), соңғы (қаржылық жылдың аяғында, жылдық есеп берудің құрамына қосылады - басты).</p> <p><u><i>Қорытынды</i></u> – қайта ұйымдастыруда ұйымның қызмет көрсету мерзімі аяқталғанда құрылады.</p> <p><u><i>Санацияланатын</i></u> – кәсіпорынның банкрот болу жағдайында, қаржы жағдайын анықтау мақсатында құралады.</p> <p><u><i>Тарататын</i></u> – кредиторлар арасында үйлестірілетін мүлік туралы ақпаратты қалыптастыру мақсатында ұйымның таратылуы кезінде құралады.</p> <p><u><i>Бөлуші</i></u> – қорытынды баланстар негізінде қайта ұйымдастыру кезінде бөлу формасында қалыптастырылады.</p> <p><u><i>Біріктіруші</i></u> - қорытынды баланстар негізіндегі қайта құруда қосылудың формасында қалыптасады</p>

<p>Құру деректері бойынша</p>	<p><u>Түгендеуші</u> – ұйымдардың міндеткерлігі және мүлікті түгендеу негізінде құралады.</p> <p><u>Кітап</u> – бухгалтерлік есептің мәліметтері негізінде құралады, негіз – Бас кітаптар.</p> <p><u>Басты</u> – міндетті түгенделетін Бас кітап мәліметтері негізінде құралады.</p>
<p>Ақпараттың көлемі бойынша</p>	<p><u>Жеке</u> – 1 заңды тұлғаның балансы. Құрама - әртүрлі филиалдары бар 1 ұйымның балансы</p> <p><u>Шоғырланған</u> – бұл заңды, бірақ экономикалық және қаржылық жағдайларда өзара әрекеттесетін ұйымның баланстарының бірігуі.</p>
<p>Қызметтің сипаттамасы бойынша</p>	<p><u>Негізгі қызметтің балансы</u> – ұйымның кескініне, жарғысына сәйкестендірілген қызмет негізінде құрылған баланс.</p> <p><u>Негізгі емес қызметтің балансы</u>- қызметтің басқа түрлері бойынша жеке балансты құруы мүмкін, негізгі қызметтің балансына қосылады.</p>
<p>Жекеменшік формалары бойынша</p>	<p>Мемлекеттік, муниципалды, кооперативті, ұжымдық, жекеменшік, аралас және бірлескен ұйымдар, сонымен қатар, қоғамдық ұйымдар. Олар, негізінде, жеке меншік қаржылардың пайда болуының қайнар көздері бойынша ажыратылады..</p>

<p><i>Сипаттау объектілері бойынша</i></p>	<p><u>Өзіндік</u> – заңды тұлға деп танылатын ұйымдар ғана осындай балансқа ие.</p> <p><u>Жеке</u> – ұйымның құрылымдық бірліктерін құрайды.</p>
<p><i>Формасы бойынша</i></p>	<p><u>Шахматтық</u> – оларға айналымдық ведомстволар жатады.</p> <p><u>Көлбеу</u> – оларға бухгалтерлік баланс жатады. (№1 форма) Вертикалды</p>
<p><i>«Тазалау» тәсілі бойынша</i></p>	<p><u>Баланс-брутто</u> – реттеу баптары бар баланс.</p> <p>Реттеуші деп сол немесе басқа баптың соммасынан алынатын баптар, соммалар деп аталады (шаруашылық қаражаттарын жіктеу).</p> <p><u>Баланс-нетто</u> - реттеу баптары (заманауи баланстар) алып тасталынған, қайта есептен тазартылған баланс</p>

3. Бухгалтерлік баланстың құрамы мен құрылымы

Баланс есі бөліктен тұрады: активтен және пассивтен. Сол жағы актив деп, оң жағы пассив деп аталады. Активте шаруашылық құралдарының құрамы және орналасуы көрсетіледі, ал пассивте бұл құралдардың пайда болу көздері көрсетіледі. Актив пен пассив өзара тең болады, өйткені кәсіпорын құралдарының жалпы мөлшері әрқашанда олардың көздерінің жалпы мөлшеріне тең

$$A=P$$

$$A=K+M$$

$$\text{Актив} = \text{Капитал} + \text{Міндеттемелер}$$

Мұндай теңдісті баластық теңдеу деп атайды. Бұл теңдік кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты көрсетпейді, бірақ та балансты құруда қателіктер жіберілмесе әрқашанда, сақталады.



БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

Актив пен пассив жекелеген баптардан құралады. Баланс бабы дегеніміз шаруашылық құралдары немесе олардың көздерінің жекелеген аттары. Баланс активінде орналасқан баптар активті, он пассивінде орналасқандары, пассивті деп аталады.

Баланс активті мен пассивінің жиыны **баланс валютасы** деп аталады. Төменде бухгалтерлік баланстық шартты формасы көрсетілген.

Актив - Шаруашылық құралдарының құрамы.

Пассив - Құралдардың қалыптасуының қайнар көздері.

Көлік, ғимарат, жиһаз, компьютерлер ----- Негізгі құралдар (НҚ)

Ақша кассада, ЕАШ, ВШоттар --Ақша қаражаттары

Тауар, дайын өнім, шикізат, ---- Қорлар

Сатыпалушылар, тапсырыс берушілер, жал, қызметкерлердің қарызы ---

Дебиторлық қарыз

Инвестициялар

Патент, Лицензиялар, Құқықтар, Компьют.бағдарл, Тауар таңбалары -

Материалдық емес активтер (МЕА)

Бухгалтерлік баланс

Актив	Сомасы, теңге	Пассив	Сомасы, теңге
1. Қысқа мерзімді активтер (айналымдағы)		1. Қысқа мерзімді міндеттемелер	
- Ақша қаражаты	+33 -79,0	- Банк қарызы	
- Қорлар (<i>шикізат, материалдар, тауар, дайын өнім, аяқталмаған өндіріс</i>)	+54,0	- Еңбекақы - Жабдықтаушылар	- 6,0 +54,0
- Қысқа мерзімді дебиторлық қарыз	-33	- Салық - Зейнетақы қорына қарыз	+6,0
- Қысқа мерзімді инвестициялар		- Кредиторлық жал	
2. Ұзақ мерзімді активтер (айналымнан тыс)		2. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
- Негізгі құралдар		- Банк қарызы	
- Материалдық емес активтер		- Кредиторлық жал	-79,0
- Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз			
- Ұзақ мерзімді инвестициялар		3. Капитал және резервтер	
		- Жарғылық капитал	
		- Резервтік капитал	
		- Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)	
Барлығы	800.000	Барлығы	800.000

4. Шаруашылық операцияларынан туындаған баланстағы өзгерістер

Шаруашылық қызметті жүзеге асыру процесінде әртүрлі әрекеттер болады, олар кәсіпорын мүлкі мен оларды көздерінің өзгерісін тудырады.

Мүліктер мен олардың көздерінің өзгерісін болдыратын шаруашылық әрекеттер мен оқиғалар шаруашылық операциялар деп аталады.

Шаруашылық операцияларының әсерінен мүлік өзгереді, ал он бухгалтерлік баланста көрсетілетін болғандықтан, оның әсерін баланс та өзгереді.

1.	A + A -	Активтігі бір бабы көбей еді, ал екіншісі сол сомаға азаяды. Баланс валютасы өзгермейді.
2.	П + П-	Пассивтің 1 бабы көбейеді де, екіншісі сол сонаға азаяды. Баланс валютасы өзгермейді.
3.	A+ П+	Бірдей санаға активтегі де, пассивтегі де баптар көбейді. Баланс валютасы да сол сонаға көбейеді.
4.	A- П-	Активтегі және пассивтегі баптар бірдей сонаға азаяды. Баланс валютасы сол сомаға азаяды.

**Кез келген шаруашылық операцияның нәтижесінде
баланс қорытындысы өзгермейді**